

Қыдырәлі Н., Нұрланова Ұ.

**БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ
МАҚСАТЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

Қыдырәлі Н., Нұрланова Ұ.

**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ
ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО
ИСКУССТВА**

Қыдырәлі Н., Нұрланова Ұ.

**THE USE OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES FOR THE PROFESSIONAL TRAINING OF
FINE ARTS STUDENTS**

УДК:371/56.24

Бұл мақалада Бейнелеу өнері студенттердің кәсіби даярлығын қалыптастыру мақсатында инновациялық технологияны қолдану мүмкіндіктері көрсетілген. Теориялық мәліметті «Дизайн» мамандығында оқитын 3-4 курс студенттеріне «Түстану» курсына оқытуда белсенді оқыту жолдары беріліп отыр.

Кілт сөздер: жұмыс түрлері, топтық; ұжымдық; жеке; шығармашылық жұмыстар; іскерлік ойындар; пікірталастар; сауалнама

В статье показано использование инновационных технологий для профессиональной подготовки студентов изобразительного искусства. Теоретические сведения подтверждаются использованием активных методов при изучении курса «Цветоведение» при обучении студентов 3-4 курсов специальности «Дизайн»

Ключевые слова: виды работ: групповая, коллективная, индивидуальная, творческие работы, деловые игры, диспуты, анкетирование

In this article is shown the use of innovative technologies for the professional training of the fine arts students. The theory confirms the use of active methods in the study of the "Chromatics" course, in educating the 3-4 year students of "Design".

Keywords: type of work: sectional, collective, individual, creative work, business plays, disputes, questionnaire survey.

Соңғы жылдары ғылым саласында жаңа жоғарғы мектеп құруда мектептің даму үрдісін зерделеуде білімнің жаңа бағыты ретінде педагогикалық инновация (Ш.Т.Таубаева, Л.Сманов, Г.Ғ.Еркибаева) дамып келеді. Бұл бағыт жаңа сипатты жоғары оқу орындарында қандай дәрежеде деген сұрақ өзекті мәселе болып отыр. Біздің көзқарасымыз бойынша, мәселе түйіні мынада: жаңашыл білім беру саласының өз ерекшелігі бар жеке тұлғаның тұтас дамуын жан-жақты қалыптастыру, нарықтық экономикалық жағдайға бейімдеу.

Г.Ғ.Еркибаеваның еңбегінде «Инновация» дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, қалыптастыру, ал жаңаша деп жаңалық мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз делінген [1, 13]. Осы мәселеге қатысты педагогикалық әдебиеттерді талдай келе, біз болашақ бейнелеу өнері мұғалімдеріне сабақ барысында көркем білім беру арқылы сәнді

фантазиялық үлгідегі бұйым эскиздерін әзірлеуге үйретуде инновациялық технологияны қолдануды мақсатқа алып отырмыз.

Қазіргі заман талабы – әр студент сабақ сайын жаңа білім қосып қана қоймай, соны көбінесе өзі игеріп, ізденіп, тауып, пікір таластыруы, өзі тапқан жаңалығын дәлелдеуі керек. Соған сай әлемдегі озық педагогикалық бағыттағы ой-пікірлерді дамыта отырып, білім беру идеясын басшылыққа алу міндеті көзделеді.

Соңғы жаңа үлгідегі бұйым үлгілерін шығару, сәндік-қолданбалы өнер туындыларын және оның технологиясын қазіргі заман киім, бұйымдарын сәндеуде қолдануға үйрету, сол арқылы олардың қызғушылығын ояту. Бұл күрделі де көп кезеңді үрдіс. Қазіргі оқу өндірістегі өмірмен байланыстырып әр түрлі саладағы қызметтер, ондағы мамандардың білім, біліктілігі туралы мағлұмат беріледі. Мұндағы жұмыс барысына келетін болсақ, сәндік-қолөнер бұйымдарын көркемдеуші шеберлер немесе дизайнерлер жаңа бұйым үлгілерін жобалайтыны белгілі.

Осындай инновациялық технология талаптарын негізінен толық қамтыған және студенттердің шығармашылығын дамытатын арнайы курс жоғарғы оқу орнында оқу-тәрбие процесіне енгізілді. Бұл өз кезегінде бұйымды үлгілеудің инновациялық технологиясы бойынша талдау схемасын жасап ұсынуға мүмкіндік берді.

Атап айтсақ, болашақ бейнелеу өнері пәні мұғалімдеріне сабақ барысында студенттердің кәсіби даярлығын қалыптастыру мақсатында инновациялық технологияны қолдану мүмкіндіктерін пайдалануда төмендегі негізгі бағыттарды ескерген жөн деген ұйғарымға келдік:

- идеяның пайда болуы, мақсаттылығы жаңа идеяны қалыптастыру;
- жаңаны іске асырып тарату;
- инновацияның өмірлік кезеңдерін жаңалықты игеруші ұжымның даму кезеңдерімен тығыз байланыста болуын қамтамасыз ету.

Қазіргі өмір талабына сай жаңа технологиялық әдістер оқу-тәрбие үдерісіне ендіруде бағдарламалардың мазмұнына қосымшалар жасауға,

арнайы курстар ендіруге педагогикалық іс-тәжірибе барысында студенттердің кәсіби даярлығын қалыптастыруға болады. Оқытудың нәтижесі әдістерге тәуелді болатыны белгілі. Әдістер мұғалім іс-әрекетінің жасампаздығын, тиімділігін, оқу-тәрбие материалының игерілуін және оқушы-студенттің қоғамдық мәнді сапаларының қалыптасуын анықтайды. Әдіс таным жолы дегенді білдіреді. Ол – теория, ілім, оқыту әдістері адамның қоршаған дүниені танудың жалпы заңдылықтарды түсінуіне тәуелді болады. Яғни, нақтырақ айтқанда, әдістердің философиялық, әдіснамалық негіздемелері бар және оқыту барысында оның мағынасы мен үрдістерін дұрыс түсінуден шығады [2].

Оқу материалын игерту әдістері мен тәсілдері студентке түсінікті және қолайлы болуы керек, сонымен бірге олардың қабілетіне, игеру мүмкіндіктеріне сай келуін ескерген жөн. Осыған орай оқыту-тәрбиелеу әдістеріне студенттердің танымдық іс-әрекетінің формаларын жекелендіру және дифференциалдау талаптары қойылады. Себебі, студенттің жалпы ерекшеліктері білімді зерттеу мен игеру әдістерін, жастардың біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру жолдары мен тәсілдерін таңдап алу мен негіздеуге елеулі ықпал етеді.

Сабақтың мазмұнына байланысты оқытудың төмендегі әдістерін қолдандық. Олар: әңгіме, аралас сабақ, проблемалық сабақ, бағдарламалық сабақ, эвристикалық, іскерлік ойын, ой қозғау, пікірсайыс, жарыстар мен конкурстар, нақты ахуалды талдау.

Сонымен болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау мақсатында таңдап алынған әдіс-тәсілдер көркем білім беружүйесінде композицияны оқыту сабақтарын тиімді ұйымдастырып оны сапалы жүргізуге көмектесуі тиіс. Енді осы әдістерге қысқаша тоқтала кетейік.

Студенттерді көркем білім беружүйесінде композицияны оқыту барысында ауызша түсіндіру әдістері басым қолданылады.

Оқылатын материалды ауызша айтып түсіндіру әдісі бірнеше түрге бөлінеді: а) баяндау – анық түсінікті сөзбен, ретімен мазмұнын айтып беру; ә) әңгіме.

Көркем білім беружүйесінде композиция пәнін оқыту қазіргі заман киім, тігін бұйымдарында қолдануға үйрету және ол туралы теориялық материалдарды студенттерге жеткізуде көрнекіліктерді қолдану басты шарттардың бірі. Өйткені, студенттердің осы өнерге деген қызығуын оятуда, сол негізде іс-әрекетке жұмылдыруда алдымен осы өнер туындыларын көрсету т.б студенттердің оны көру арқылы қабылдауының орны бөлек. Бұл ретте, көрнекіліктерді қолдануға байланысты кезінде Я.А.Коменский айтқан және осы уақытқа дейін өзінің мәнділігін жоймаған «мүмкін болса заттың өзін көрсет, болмаса оның сұлбасын (макетін), ол да болмаса суретін көрсету керек» деген қағидасын ұстану – студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың маңызды талаптарының бірі деуге

болады [3, 78]. Өйткені, бір нәрсеге қызығу алдымен оны көруден, жай ғана “көз тастау” емес байыптап қарап, әсерленуден басталатыны белгілі.

Көркем білім беружүйесінде композиция пәнін оқыту қазіргі заман киім, тігін бұйымдарында қолдануға үйрету және ол туралы теориялық материалдарды студенттерге жеткізуде көрнекіліктерді қолдану басты шарттардың бірі. Өйткені, студенттердің осы өнерге деген қызығуын оятуда, сол негізде іс-әрекетке жұмылдыруда алдымен осы өнер туындыларын көрсету т.б студенттердің оны көру арқылы қабылдауының орны бөлек.

Студенттердің оқу-өндірістік сабақтарын ұйымдастыруда жеке жұмыс формаларын қолданудың да өте маңызды екені белгілі. Мұнда үлгерімі жақсы, тапсырманы алдын ала, өз бетімен әрі сапалы орындайтын студенттерге бөлек тапсырмалар беріледі.

Осындай тәжірибелік жұмыстардың нәтижесі ретінде студенттер ұлттық нақышта өздеріне арнап жасалған бұйымда көркем білім беру өнері арқылы сәндеу жұмысын орындайды. Оқытушы әрбір студенттің өз талғамы мен білім, біліктілігі негізінде сәндеудің қарапайым үлгідегі конструкторлық сызбасын әзірлеу мәселесін қояды. Студенттердің әзірленген эскизі бойынша материалдарды таңдап кіріседі. Яғни бұйымдардың әрбір бөлігін жеке-жеке сәндеп, өрнектеп жасайды. Өрнек түрлерін студенттер талғамдарына қарай таңдап алады. Сондай-ақ бұйым бетіне түсетін сәнді өрнекті студенттер өз қалаулары бойынша орындап, сәндеп, басқа да тері, былғары, мата, ағаш, ши материалдарын пайдаланып жасайды. Сабақ барысында студенттер өздері іс-әрекеттерін әрбір жасалған өрнектің тоқылу техникасын игеріп, ұқыпты орындалуын қадағалауы тиіс. Бұл олардың сын тұрғысындағы көзқарасы мен пікір айту, талдау секілді біліктіліктерін қалыптастырады.

Сонымен, студенттердің көркем білім беру жүйесінде композиция пәнін оқытуда кәсіби даярлау мақсатында арнайы курс жүргізіліп, болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерімен мынадай жұмыс түрлері мен әдістері қолданылды: жалпылама, жеке және топтық жұмыс түрлері, студенттердің өзіндік іс-әрекеттері мен шеберліктерін ұйымдастыру; халық мәдениеті мен сәндік-қолданбалы өнер шығармалары туралы әдебиеттермен жұмыс; шығармашылық тапсырмалар орындау; педагогикалық міндеттер мен әртүрлі жаттығуларды шешу; реферат, баяндама жазу, деңгейлік жаттығулар орындау; жоғары оқу орнында өткізілетін іс-шараларға, үйірмелерге қатысу, бағдарламалар жасау; жоғары оқу орындарындағы пән оқытушыларының аудиторияларының ұлттық колөнер бұрыштарының жеке жұмыстарына сипаттама жазу; оларды кәсіби тұрғыда талдау, жазу т.б. орындалды.

«Дизайн» мамандығында оқитын 3-4 курс студенттеріне «Тұстану» курсы оқытуда белсенді оқыту жолдары келесі жұмыс түрлері арқылы жүзеге

асты: топтық; ұжымдық; жеке; ақпараттың түрлі көздерімен жұмыс жасау; шығармашылық жұмыстар; іскерлік ойындар; пікірталастар; сауалнама т.б.

Аталған курсты оқудың белсенді әдісі студенттің білімді өздігінен игеруіне негізделеді, яғни - *негізгі мазмұны*: оқу, білім алу; *мақсаты*: тиімді орта мен жағдай жасау; *субъект*: студент пен оқытушы; *объект*: қарым-қатынас, еңбек ету, жаңаға үйрену; *оқытушы рөлі*: оқу үдерісін ұйымдастырушы; *студент рөлі*: өз қажеттілігін айқындап, білімді өздігінен игеруші; *оқытушының іс-әрекеттері*: студенттерге өзіндік әрекеттер мен көзқарас қалыптастыру, дамыту; жаңа мазмұн құру, талдау, шешім қабылдау; өзекті мәселені айқындау, шешу жолдарын қарастыру т.б.; *студенттің іс-әрекеттері*: курс бойынша білімді өздігінен меңгереді, біліміне деген жауапкершілікті алады; бастамашыл болып, белсенділік танытады.

Осыған орай, болашақ бейнелеу өнері пәні мұғалімдерін оқушыларды көркем білім беру жүйесінде композицияны оқытуда кәсіби даярлауға бағытталған жұмыс түрлері «Тұстану» элективті курстың тақырыптарына сәйкес 3-курс студенттеріне сабақ өткізу барысында оқытуды ұйымдастырудың технологиясын нақты мысал ретінде көрсете кетуді жөн көрдік.

Сабақтың тақырыбы: Тұстану. Түстердің байланыста және бірлестікте болуы, түстердің түрлері: хроматикалық және ахроматикалық түстердің ерекшелігі, олардың үйлесімділігі.

Сабақтың мақсаты: түстер әлемін, оның бір-бірімен байланысы мен түстердің түрлерін талдай келе, перде тігуде қолдану жолдарын қарастыру.

Сабақтың барысы: Интерьер көңілге қонымды түспен әрленер болса адам өзін жағымды сезінеді, егер түс дұрыс таңдалмаса онда жайсыз сезіну, қамығып көңілсіздену пайда болады. Студенттерге аз уақыт ішінде жүргізілген сауалнама арқылы түстер жайлы қаншалықты білетінін анықтауға болады. Сондай-ақ, жасалған түстік палитра арқылы түстердің ұзақ және жақын, жеңіл және ауыр етіп көрсететін қасиеттерін анықтауға болады.

Адам қоршаған дүниеде үлкен түстік кеңістік бар екенін сезінеді және ол айналадағы мыңдаған түстер мен реңктерді және олардың бір – біріне әсерін, байланысын ажырата білуге қабілетті. Айналаны қоршаған заттардың түсі адамның психикасына, мәселен белгілі бір физиологиялық реакция пайда болып адамның көңіл – күйінің өзгеруіне, кей түстер нерв жүйесінің бірқалыпты жұмыс істеуіне, кейбірі керісінше әсер етеді.

Түстер қашанда байланыста, бірлестікте болады. Жалпы сипатта болатын түстік байланыстар бар, мысалы ақ түс - тазалықтың, пәктіктің, сары түс - өткенді еске түсіретіндей мұнның, қара түс – қайғы мен мұнның символындай. Әрбір адамға түстер бірлестігінің өзіне тән әсері бар. Адам барлық сәттерін қуанышты – әсерлі, көңілсіз – мұңлы жағдайларды түстермен байланыстыра қабылдайды.

Барлық көрінетін түстер хроматикалық және ахроматикалық болып бөлінеді. Хроматикалық түстер: сары, қызыл - сары, қызыл, көгілдір, көк, жасыл, күлгін және көптеген әртүрлі реңктер. Ахроматикалық түстерге барлық ақ, сұр және қара түстер жатады.

Бір жазықтықта жатқан түстер байқаушыға жақын болып та, ұзақ болып та көрінеді. Осындай түстердің жақсы қасиетіне қарай керекті денеге таңдап алынған түстік гамманы кескіндемеге тереңдете, перспективаға өткізуге, бедерлі көріністі немесе керісінше заттың жазықтығын көрсетуге болады. Түстерді білу және игеру қабілеті перде тігу өнерінде өте қажет.

Көзбен шолу жасағанда затты жақындатып көрсететін түстер алдыңғы, ал затты қашық етіп көрсететін түстер кейінгі деп аталады. Алдыңғы түстер жылы әрі қанық, ал кейінгі түстер суық, бірақ қанықтығы аз болады.

Алдыңғы және кейінгі реңктер бейненің қандай фонда орналасуына байланысты беріледі, қанық ортада ашық реңктер немесе керісінше. Қанықтығы аз реңктер қаныққа қарағанда бейнені ұзақ етіп көрсетеді. Көлемі үлкен болып алынған матада ілгері және кейінгі орналасатын реңктерге айрықша көңіл бөлу керек.

Түстің жеңіл және ауырлығы көзбен көру кезінде түрлі қасиетімен, түстердің байланысымен сипатталады. Түс жарық болса «жеңіл» болып, жарық реңкі қоюланған сайын «ауыр» болып көрінеді. Перделік матаның ауырлығы түсімен бірге оның тоқылуына, тығыздығына т.б. қасиеттеріне байланысты.

Бұл түсінікті анықтау үшін заттың жасалудағы көркемдік технологиялық ерекшелігін, оның тығыздығын білу керек. Көркемдік технологиялық ерекшелік – бұл заттың құрылымдық көрсеткіші. Ол кедір – бұдырлы және тегіс, жылтырақ және күнгірт болуы мүмкін. Бұл түсінікті қалыптастыру үшін әр түрлі маталардың кішкене бөлшектерін салыстыруға болады. Сол секілді түстер де қою (ауыр) және мөлдір (жеңіл) болып келеді. Сонымен, сары және қызыл түстер қою болып көрінсе көк және көгілдір түстер ауада қалқып жүргендей жеңілдікті білдіреді.

Түстердің қоюлығы оның салмағына байланысты. Бірдей және сол түсті реңкте қанық түстер қоюлау жарық болып көрінеді. Қызыл мен жасыл түстер біркелкі болған жағдайда көк және көгілдір түстен ауыр болады. Бейнеге жеңіл көрініс беретін түстер жеңіл болып, ал ауырлықты сездіретін түстер ауыр болып көрінеді. Көгілдір аспан түсті жеңіл деп, ал қою бұлтты ауыр деп қабылдаймыз. Ауырлықты сездіретін түстер – қою, жылы және қанық.

Психологтардың зерттеуі көрсеткендей, интерьерді әрлеуде қолданылатын түстер нақты бейнеде адамның көңіл – күйін қалыптастырады. Сондықтан, жұмсақ мебельді қаптауда, тұсқағаз жабыстыруда, перде тігуде және бөлмені сәндеуге

арналған керек – жарақтарды алуда түстерін үйлесімді етіп дұрыс таңдауда түстердің оптикалық қасиетіне назар аудару керек. Ашық оң заттың сызықтарын, матаның фактурасын айқындап, бейнені көлемді етіп көрсетсе, қара - қоңыр түс керісінше мата фактурасын жасырып, затты кішірейтіп көрсетеді.

Суық түстер затты ұзартып, кішірейтіп көрсету қасиетіне ие. Егер терезеге бірдей тігілген біреуі жылы, екіншісі суық реңк беретін пердені қатар ілсе ұзақтан адамға екі түрлі: біреуі (ашық түс) жақында тұрғандай үлкейіп, екіншісі (қанық түстегі) ұзакта тұрғандай кішірейіп көрінеді. Сондай – ақ артқы фон да зат көлемінің үлкейіп немесе кішірейіп көрінуіне септігін тигізеді. Қара - қоңыр түстегі фонда ашық түсті зат өз көлемінен үлкейіп, суық түсті фонда жылы түстер заттың көлемін ұлғайтып және жақындатып көрсетеді. Перде тігілетін матаны таңдауда оның түрлі қасиеттеріне және қабырғаның негізгі түстеріне, фонға көңіл бөлу керек. Егер бөлме кең әрі үлкен болса пердеге ашық, жылы реңк беретін түсті таңдайды, ол бөлмені шағын, сәнді етіп көрсетеді. Бөлме кішкентай болса жарық реңк беретін перде бөлмедегі кеңістікті үлкейтіп көрсетеді. Терезені сәндеуде оның қайда орналасқанына назар аудару ол басты шарт болып табылады. Егер терезеден күн сәулесі ұзақ уақыт түсер болса салқындықты сездіретін суық реңк беретін түстерді, ал терезеден жарық аз түсетін болса жарық пен жылылықты сездіретін жылы түстердің реңкін таңдаған дұрыс.

Түсіндіру барысында түрлі көрнекі құралдар пайдаланылады: суреттер және қолөнер бұйымдары (түстерді салыстыру үшін), түстік палитра т.б. көрсетіледі. Студенттерге көрсетілген әрбір көрнекі

құралдың өзінің көркемдік шешімі мен әсемдігі тартымды болуы тиіс.

Практикалық жұмыстар: студенттер негізгі түстерді құрастырады, шеңбер ішіне орналасқан спектр түстерін бір-біріне қосу арқылы қосымша түстерді анықтайды, жарық пен көлеңкені және түстік қатынастарды тауып белгілейді. Перде тігуде маталарды түстеріне сәйкес қолдана білуге жан-жақты талдаулар жүргізіледі.

Оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыруды талап етеді. Бұл өз қызметіне қызығушылықпен және шығармашылықпен қарайтын, жеке басының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыратын адамдарды қажет ететін жұмыс. Жаңа технологиялар әр түрлі пәннің оқытушыларына өз мамандығының деңгейіне, жұмыс істеу ерекшелігіне, әдістемелік тәжірибесіне, эстетикалық тұрғыда шығармашылықпен қарауына, жаңаша іс-тәжірибелерді және әдістемелерді кеңінен пайдалануына, білімнің жаңадан қалыптасқан мазмұны арқылы күнделікті оқыту жұмысын жандандыруына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

Еркибаева Г.Ғ. Қазіргі білім беру технологиялары: магистранттарға арналған оқу құралы, - Алматы: ГИГА-ТРЭЙД; 2010. -116 б.

1. Сманов Л., Жунисова Н. Қолөнершілерге кәсіби білім берудің негізгі бағыттары. «Ғылым мен білімдегі инновациялық дамудың мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Том IV Шымкент: Академикалық инновациялық университет, 2010
2. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. – М., Учпедгиз., 1955. – 651 с.

Рецензент: к.пед.н., доцент Жолдобасова Б.